

# Сан қырлы өнер иесі

Киелі Торғай топырағынан түлеп ұшқан таланттар туралы айтылып та, жазылып та жүр. Солардың ішінде бірі де, бірегейі- Болат Хамзин.

Мен Ы.Алтынсарин атындағы гимназияның тарих пәнінің мұғалімі Роза Карбоқызының жетекшілігімен «Өмірім-өнерім» тақырыбында Б. Хамзиннің өмірі мен шығармашылығы жайында ғылыми жұмысымды қорғаған болатынмын. Бұл ғылыми жұмысымды алу себебім, «Торғайдың Шәмшісі» атанған Болат Хамзиннің артына қалдырған мол мұрасын, Торғай мәдениетіне қосқан үлесін кейінгі ұрпаққа танытыру.

Болат Хамзин - қазақтың ұлт-жаңды ұлдарының бірі, өнерімен елін сүйіндірген, жүрегінің жарып шыққан саз әуенімен халқының өмірін өрнектеген, мәңгі өшпес махаббатты жырлаған, туған жеріне перзенттік парызын өтеуге үлгі-өнегесін қалдырған сағер, домбырашы, дирижер, актер, ұстаз, тума дарын иесі. 1938 жылы Торғай қаласының 13 ауылында дүниеге келген. Кішкентай кезінде екі шекесі торысқтай, көзі ботаның көзіндей, кішкентай ғана қойылған көкілі бар, сүй-сүйкімді және өте сезімтал болған.

Ол 1955 жылы Ы.Алтынсарин

атындағы Торғай қазақ орта мектебін бітіргеннен кейін Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясына оқуға түсіп, халық аспаптар оркестрі құрамында сахнаға шыға бастайды. Болат аға өзінің бойындағы талантымен, табиғи дарынымен Алматыда оқып жүргенде-ақ саз мамандарын таң қалдырса керек. Болашағынан үміт күттіретін шәкірттердің бірі атанып, Мәскеуге жастар мен студенттердің дүние-ежүзілік фестивалінің бас байгесін иеленеді. Оның «Орамал», «Торғай қызы», «Амангелді ұрпағы», «Қайдасың Шолпаным-жұлдызым», және т.б. әндері бар. Өзіндік бағыт-бағдары бар «Ғасырлар пернесі» атты фольклорлық халық ансамблін құрды. Сонымен қатар, ол Торғай халық театрының негізін қалаушылардың бірі.

Болат аға жастарды өнерге үгіттеп, тәрбиелеп, сахнаға әкеліп, мәдениет ошақтарын қайтадан құрды. Сол кезде театрды ұйымдастырып, артисі де, режиссері де, қоюшысы да және оркестрдің дирижері де жалғыз өзі болды.

Сан қырлы өнер иесі, жұртшылықтың ыстық ықыласына бөленген Болат Хамзаұлы Торғай халқының мәңгі жадында.

**Диана ҚОНЫСБАЙ,**  
Ы.Алтынсарин  
атындағы гимназияның  
11«А» сынып оқушысы.